

"Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 735 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 15 ақпандағы № 84 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 19 наурызда № 7481 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 09.02.2021 № ҚР ДСМ-16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 63 және 70-баптарына сәйкес және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу рәсімдерін жетілдіру үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 735 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5935 нөмірімен тіркелген орталық атқару және Қазақстан Республикасының өзге де орталық мемлекеттік органдардың актілер жинағында жарияланған, № 6, 2010 жыл) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы Бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша мынадай редакцияда жазылсын;

2-қосымшада:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу ережесінде (бұдан әрі – Ереже):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік сарапшылық ұйым - дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника сараптамасын жүргізу үшін медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіруде және әзірлеуге тікелей қатысы жоқ, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган анықтайтын ұйым;

2) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімі - Қазақстан Республикасында тіркелген және медициналық қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы есепке алу құжаты;

3) ғылыми-зерттеу зертханалық диагностикалық құралдары - медициналық және ғылыми-зерттеу зертханаларда адам организмнен тыс сынамаларды зерттеулер үшін қолданылатын, ғылыми зерттеу жүргізуге арналған және өндіруші диагностикалау мақсатында қолдануға арнайы тағайындамаған құралдар;

4) жабдық – өздігінен медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника бола алмайтын, өндіруші арнайы медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникамен бірге олардың функционалды тағайындауларына сәйкес қолдануға арналған бұйым;

5) зертханалық диагностикалау құралдары - бұл медициналық техниканы медициналық зертханаларда адам ағзасынан алынған сынамаларды диагноз қою үшін қолдануға арналған пациенттің физиологиялық жай-күйін бағалау мақсатында және диагностикалау мақсатында қолдану үшін тағайындалған құралдар;

6) зертханалық құралдар - зертханаларда, оның ішінде медициналық, қолданылатын құралдар, сынақтамаларды дайындауға, жасауға, зертханалық препараттарды зерттеуге немесе өңдеуге, зертханалық ыдыстарды, аспаптарды немесе құралдарды гигиеналық өңдеу (химиялық, радиациялық, термиялық), диагноз қою үшін немесе адамның физиологиялық жағдайын бағалауға тағайындалмаған құралдар;

7) иммунобиологиялық препараттарға жататын диагностикалық реагенттер - әртүрлі ауруларды және физиологиялық жай-күйлердің өзара әдістермен диагностикалауға арналған, өзара комплементтік әрекеттесуге негізделген және инфекциялық агенттерді және сыртқы орта объектеріндегі олардың антигендерін табуға негізделген реагенттер;

8) клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер - адам денсаулығына ерекше әсері мен қауіпсіздігін зерделеу мақсатында химиялық, физикалық, биологиялық, микробиологиялық, фармакологиялық, токсикологиялық және басқа эксперименталдық ғылыми зерттеулер немесе сынақталатын затты тексеру

бойынша зерттеу сериясы немесе заттардың, әдістердің физикалық әсері және профилактикасы, диагностикасы және ауруларды емдеу технологияларын зерттеу;

9) клиникалық зерттеу және (немесе) сынау - сыналуды ретінде адамды қатыстыра отырып медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы зерттеу және (немесе) сынау, ауруларды емдеудің және диагностикалау, алдын алу әдістері мен технологиялары, құралдарының қауіпсіздігі мен тиімділігін растау және анықтау үшін жүргізіледі;

10) қауіпті бағалау - адамға және қоршаған ортаға туындаған қауіптіліктің деңгейін анықтайтын процесс, қауіптілік идентификациясы мен сипаттамасынан тұратын және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қолдану кезінде әсер етуін бағалау;

11) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі – адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруден басқа қауіпті фактордың іске асуы ықтималдығы мен оның салдарының ауырлық дәрежесінің үйлесуін ескере отырып, жол беруге болмайтын қауіптің болмауы;

12) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік қайта тіркеу – бұрынғы тіркеу нөмірі сақталып, жаңа тіркеу куәлігінің берілуімен жалғасатын мемлекеттік тіркеудің қолданылу мерзімінің белгілі бір мерзімге ұзартылуы, сондай-ақ Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізу;

13) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігін, тиімділігін мен сапасын, фармацевтика нарығында заңды болуын анықтайтын рәсім және Қазақстан Республикасы дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тізіліміне белгілі мерзімге енгізу;

14) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тиімділігі, қауіпсіздігі және сапасы туралы қорытынды - өтінім берілген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сараптама қорытындысы және оны мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу немесе бас тарту туралы ұсынымы бар құжат;

15) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасы - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тағайындалуы бойынша әрекет етуіне ықпал ететін қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы;

16) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қауіпсіздігінің жіктелуі - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық

техника құралдарын медициналық мақсатта қолданудың ықтимал қаупі дәрежесіне байланысты қауіпсіздік топтарының біріне жатқызу немесе анықтау;

17) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жиынтығы - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың функциялық тағайындалуына сәйкес қолдану үшін өндіруші көздеген медициналық мақсаттағы бұйымдардың немесе медициналық техниканың қосымша бөлігі ретінде қолданылатын құрылғы және (немесе) бұйым;

18) медициналық мақсаттағы бұйымдардың жинағы (жиынтығы) - медициналық мақсаттағы бұйымдар ерек, бірыңғай медициналық мақсаттағы, топтама қаптамасы және таңбаланған, медициналық мақсаттағы бұйымдар атауының тізімі міндетті түрде көрсетілетін өндіруші қарастырған медициналық мақсаттағы бұйымдардың жиынтықты қолдану жөніндегі нұсқаулықтың болуы, олардың саны;

19) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың модификациясы – ортақ конструктивті белгілері бар, жетілдіру, кеңейту немесе медициналық мақсатта қолдануға мамандану негізгі бұйымның базасында әзірленген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың әртүрлілігі;

20) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың үлгілері - мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезінде сараптама жүргізу үшін өтініш беруші ұсынатын медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника;

21) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың шығыс материалдары - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың функционалды тағайындалуына сәйкес манипуляция жүргізуді қамтамасыз ететін, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қолдану кезінде шығындалатын бұйымдар мен материалдар;

22) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тиімділігі – алдын-алу, диагностикалық және (немесе) емдік тиімділікке қол жеткізілуін қамтамасыз ететін сипаттамалар жиынтығы;

23) медициналық техниканы пайдалану құжаты - медициналық техниканы өндірушімен жасалатын тұтынушыға арналған құжат, медициналық техниканы пайдалану ережесін анықтайтын және медициналық техниканың негізгі параметрлері мен сипаттамасының (ерекшелігі) маңызын өндірушімен кепілдендірілетін куәландыратын ақпаратты көрсетеді, оны пайдалану жөніндегі ақпарат пен кепілдік бекітілген қызмет ету үшін жасалынады;

24) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіруші-ұйым (дайындаушы) - өндіру сатысының бірін іске асыратын, жасап

шығаруға, өндіруге (жасауға), қаптамаға, оның атауын таңбалау, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника нарығында қойылған қауіпсіздігі мен сапасына, өндіру заңды тұлғаның өзімен орындалама немесе оның атынан басқа өндіруші (дайындаушы) жасауына қарамастан жауапты жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

25) нормативтік құжат - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасына, қауіпсіздігіне, өндіру шарттарына, қолданылуына, сынау әдістеріне, тасымалдауға және сақтауға талаптарды анықтайтын ережелер жиынтығы;

26) өтініш беруші – дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді жүргізуге өтінішті, құжаттар мен материалдарды беруге уәкілетті әзірлеуші, өндіруші-ұйым (дайындаушы), жеке кәсіпкер немесе олардың сенімді тұлғасы;

27) тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу - тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімінде тіркеу деректеріне өтініш беруші енгізетін өзгерістер, ол медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына әсер етпейді;

28) тіркеу куәлігінің иесі – медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың тиімділігіне, сапасына және қауіпсіздігіне жауапты жеке кәсіпкер, заңды тұлға;

29) тіркеу деректері - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезінде өтініш беруші ұсынатын бекітілген құрылымдағы құжаттар мен материалдар жиынтығы;

30) тіркеу куәлігі – Қазақстан Республикасында медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тіркелгенін куәландыратын, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік орган ұйым-өндірушіге беретін құжат;

31) тіркеу нөмірі - мемлекеттік тіркеу кезінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға, тағайындалатын кодтық белгі, сол арқылы ол дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың Мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында болуының бүкіл кезеңінде өзгеріссіз сақталады.";

мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Медициналық мақсаттағы бұйымдар ретінде өндіруші-мемлекетте тіркелген дәрілік заттарға жататын өзінің сипаттамалары мен қасиеттері бойынша тіркелген дәрілік заттар ретінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге жатады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың құрамына кіретін немесе оның құрамдас бөлігі болып табылатын дәрілік заттар мемлекеттік тіркеуге жатады.

Медициналық мақсаттағы бұйымдар немесе медициналық техника үстіңгі қабаты дәрілік затпен жабылған, медициналық мақсаттағы бұйымдар немесе медициналық техника ретінде мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге жатады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу туралы өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) құжаттар мазмұнының тізімдемесінің қосымшасымен тіркеу деректері;

2) үш реттік талдау жүргізу үшін қажетті мөлшердегі медициналық мақсаттағы бұйымдардың үлгілері, оның ішінде медициналық мақсаттағы бұйым болып табылатын медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға шығыс материалдар және жинақтаушылар;

3) стандартты үлгілер (олардың нормативтік құжатта қолданылуы туралы көрсетілген жағдайда);

4) тіркеу алымының төленгенін растайтын құжат.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу өтінішін және тіркеу алымының төлемін растайтын құжатты қабылдағаннан және тіркелгеннен кейін осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге өтінім берілген медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізудің орындылығы туралы (бұдан әрі - сараптама жүргізудің орындылығы туралы) қорытынды береді";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік орган өтінішті қабылдаған күннен кейін жеті жұмыс күні ішінде сарапшылық ұйымға өтінішті, сараптаманың орындылығы туралы қорытындыны жібереді.

Сарапшылық ұйым бір жұмыс күні ішінде www.dari.kz интернет-ресурсына "Сараптама жұмыстары туралы мәліметтер" бөліміне өтініш түскендігі туралы ақпаратты шығарады.

Осылайша, өтініш беруші аталған ақпарат келіп түскеннен кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей сарапшылық ұйымға тіркеу деректері, үш реттік талдау жүргізу үшін қажетті мөлшердегі үлгілерді, стандартты үлгілерді ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) Кіріс құжаттары мен материалдарды мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуге материалдарды қабылдау және қорытынды құжаттарды беру мемлекеттік орган және сарапшылық ұйымдары "бір терезе" қағидаты бойынша жүзеге асырады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Мемлекеттік орган медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізуді сот шешімі шыққанға дейін мынадай құжаттар негізінде тоқтата тұрады:

1) сауда белгісі иесінің өтініші немесе оның зияткерлік меншігі құқығы басқа өтініш берушімен бұзылу фактісі туралы патент;

2) өндірістік меншік объектісіне, сондай-ақ өнімнің сақталу тәсілін қолдануға патенттің нотариалды расталған көшірмелері;

3) зияткерлік меншік құқығының бұзылу фактісі туралы сот кеңсесінің қабылдауы туралы белгісі бар талап арыздың көшірмесі.

Өнеркәсіптік меншік нысандары мен Қазақстан Республикасының нарығында тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің азаматтық айналымына қатысушыларды жекешелендіру құралдарын, Қазақстан Республикасында тіркелген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың зияткерлік меншік құқықтарының бұзылғаны туралы осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген ақпараттар мемлекеттік органға келіп түскен жағдайда мемлекеттік орган соттың істі қарау нәтижелерін алғанға дейін тіркеу куәлігінің әрекетін тоқтады.

Бұл ретте, өтініш беруші көрсетілген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының аумағында медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың бұдан әрі тіркеуіне салыстырылмалы сақтау құжаттарына кедергі келтірмейтіндігі (немесе кедергі келтіретін) туралы тиісінше қорытындымен осы құзырлы органның ведомстволық бағыныстағы сарапшылық ұйымның салыстырмалы талдауын алу үшін жаңалықтарды, пайдалы үлгілерді және өндірістік үлгілерді сақтау саласындағы уәкілетті органға жүгіне алады.

Көрсетілген мерзімде сот шешімін және (немесе) үшінші тұлғаның зияткерлік меншік құқығының бұзылуы немесе не бұзылмауы туралы зияткерлік меншікті қорғау саласында қорытынды алған жағдайда мемлекеттік орган медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу кезеңінде мемлекеттік тіркеуден бас тартады немесе сараптама рәсімін жаңартады немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника тіркелген жағдайда, онда тіркеу куәлігі қайта шақыртылады немесе тіркеу куәлігінің әрекеті жаңартылады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың мемлекеттік тіркеу жеделдетілген рәсімдер оларды сирек ауруларды профилактикалауға, емдеуге, диагностикалауға, эпидемияның туындауын және оның салдарын, инфекциялық аурулардың пандемиясын, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында қажетті медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникасы, сондай-ақ отандық өндірушілердің медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникасы үшін тапшылығын жоюға арналған жағдайда қолданылады;"

Ережеге 1, 4, 5, 6, 7, 10-қосымшалар осы бұйрыққа тиісінше 2, 3, 4, 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Ережеге 2-қосымша алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі және мемлекеттік сатып алу департаменті осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2011 жылғы 15 ақпандағы
№ 84 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2009 жылғы 18 қарашадағы
№ 735 бұйрығына
1-қосымша

Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды

тіркеу деректеріне өзгерістер енгізудің, мемлекеттік тіркеудің, қайта тіркеудің жеделдетілген рәсімдерін жүргізудің тәртібін, сондай-ақ олардан бас тарту негіздемесін белгілейді.

2. Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізудің шартты міндетті дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу болып табылады.

Сараптаманы дәрілік затты әзірлеу және өндіруге тікелей қатысы жоқ, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік сарапшылық ұйым (бұдан әрі – сарапшылық ұйым) жүргізеді.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авторлық генерик (автогенерик) – түпнұсқа препаратқа барабар, бір өндіруші өндірген, бірақ саудалық атауы мен бағасымен өзгешеленетін дәрілік препарат;

2) биоэквиваленттілік – бірдей жағдайда екі дәрілік заттың салыстырмалы сипаттамасы, ол бірыңғай молярлы дозаларда пайдаланылғаннан кейін тиімділік және қауіпсіздікке қатысты олардың фармацевтикалық және биологиялық эквиваленттілігін растайды;

3) биоқолжетімділік – жылдамдық және дәреже, онымен белсенді зат дәрілік нысананнан сорылады және әрекет ету орнында қолжетімді болады;

4) биологиялық текті дәрілік препараттар - биологиялық ақуыздардан тұратын препараттар (гармондар, цитокиндер, қанды ұйыту факторлары, соның ішінде төмен молекулярлы гепарин, инсулиндер, көпклонды антиденелер, ферменттер, колонды ынталандыратын факторлар, гендік-инженерлік және гибродомды технология көмегімен алынған тін жасушалары негізінде жасалған препараттар), сондай-ақ биосимилярлар;

5) биосимиляр - сапасы, қауіпсіздігі және тиімділігі бойынша бұрын тіркелген эталонды инновациялық биологиялық дәрілік затқа ұқсас ретінде мәлімделген және ұқсас халықаралық патенттелмеген атауы бар жаңадан өндірілген биологиялық дәрілік зат;

6) генерик (жаңадан өндірілген дәрілік препарат) - белсенді заттар құрамы, дәрілік нысаны бойынша түпнұсқалық препаратқа сәйкес және түпнұсқалық препаратқа не лицензиялық келісім бойынша сақтау құжаттарының жарамдылық мерзімі өткеннен кейін айналысқа түскен дәрілік препарат;

7) гомеопатикалық препараттар – гомеопатикалық қағидалар бойынша қолданылатын, арнайы технология бойынша дайындалған немесе өндірілген, құрамында өсімдік, жануарлар, минералдық тектегі заттардың өте аз мөлшерлері болатын бір немесе көп компонентті дәрілік зат;

8) дәрілік заттың балк-өнімі - соңғы қаптаманы қоспағанда, технологиялық үдерістің барлық кезеңдерін өткен дозаланған дәрілік зат;

9) дәрілік затты мемлекеттік тіркеу – дәрілік заттың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын, фармацевтика нарығында заңды болуын белгілі мерзімге Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізіліміне енгізілуін айқындайтын рәсім;

10) дәрілік затты мемлекеттік тіркеу - дәрілік заттың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын, фармацевтика нарығында заңды болуын белгілі мерзімге Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізіліміне енгізуді айқындайтын рәсім;

11) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімі - Қазақстан Республикасында тіркелген және медициналық қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы медициналық қолдануға рұқсат етілген есепке алу құжаты;

12) дәрілік заттың тиімділігі, қауіпсіздігі және сапасы туралы қорытынды - өтініш берілген дәрілік заттың сараптама нәтижесінен тұратын және оның мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу немесе олардан бас тарту құжаты;

13) дәрілік субстанция - шығу тегі табиғатына қарамастан, нақты бір фармакологиялық белсенділігі бар дәрілік препаратты өндіруге және дайындауға арналған зат немесе қоспа зат;

14) дәрілік өсімдік шикізаты - дәрілік заттарды өндіру мен дайындау үшін қолданылатын жас немесе кептірілген өсімдік немесе олардың бөліктері;

16) дәрілік препарат - нақты бір дәрілік нысандағы дәрілік зат;

17) дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы – дәрілік заттың Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған атауы;

18) дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылайтын нормативтік-техникалық құжат – дәрілік заттың сапа жиынтығының нормасын бекітетін, оларды анықтау әдістерін, дәрілік заттың сериясына қарамастан бірдей қауіпсіздікті және тиімділікті, сонымен қатар дәрілік затты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде мемлекеттік органмен берілген өндіруші-мекемемен бекітілген нөмірмен, оны өндірудің біртектілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін құжат;

19) дәрілік затты өндіруші-ұйым - дәрілік затты өндірудің кез келген кезеңін жүзеге асыратын және дайын өнімнің қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына жауапты субъект;

20) дәрілік заттың саудалық атауы – дәрілік заттың тіркелетін атауы;

21) жіктеменің биофармацевтикалық жүйесі (бұдан әрі - ЖБЖ) – белсенді заттар негізінде олардың белгілі (рН) қышқылдығы/сілтілігі ортасында және ішек қабырғасы арқылы өту дәрежесі жіктемесінің ғылыми жүйесі;

22) клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеу - адамның денсаулығына ерекше әсер етуін және (немесе) қауіпсіздігін зерделеу мақсатында сыналатын затты немесе физикалық әсерді, ауруларды профилактикалау, оларды диагностикалау мен емдеудің құралдарын, әдістері мен технологияларын зерделеу жөніндегі химиялық, физикалық, биологиялық, микробиологиялық, фармакологиялық, токсикологиялық және басқа да эксперименттік ғылыми зерттеулер немесе зерттеулер сериясы;

23) клиникалық зерттеу – субъект ретінде адамды қатыстыра отырып, ауруларды профилактикалау, диагностикалау мен емдеу құралдарының, әдістері мен тиімділігін анықтау немесе растау үшін жүргізілетін зерттеу;

24) медициналық иммунобиологиялық препараттар - инфекциялық және иммундық (аллергиялықты қоса алғанда) аурулардың өзіндік ерекшелігі бар профилактикасына, оларды диагностикалау мен емдеуге, басқа да аурулар мен физиологиялық жай-күйлерді иммунологиялық әдістердің көмегімен диагностикалауға арналған, сыртқы орта объектілерінде инфекциялық агенттер мен олардың антигендерін индикациялауға арналған препараттар, иммундық жүйе арқылы емдеу және профилактикалық әсерін тигізетін қан (алу тәсіліне қарамастан) препараттары;

25) орфандық препараттар - орфандық (сирек кездесетін) ауруларды емдеуге және диагностикалауға арналған препараттар;

26) өтініш беруші – дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді жүргізуге өтініш, құжаттар мен материалдарды ұсынуға уәкілетті әзірлеуші, өндіруші-ұйым (дайындаушы) немесе сенімді тұлға;

27) парафармацевтиктер - фармакологиялық әсері бар және аурулардың профилактикасына, көмекші терапияға, ағзалар мен жүйелердің функционалдық белсенділігін реттеуге бағытталған табиғи жолмен алынатын, емдік мөлшерлемелердегі биологиялық белсенді қоспалар немесе олардың синтетикалық баламалары;

28) референтті препарат - қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы дәлелденген және оны генерикпен салыстыруға арналған түпнұсқа немесе қайта жаңартылған дәрілік препарат;

29) тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу - дәрілік заттың тиімділігіне, қауіпсіздігіне және сапасына әсер етпейтін, тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімі ішінде тіркеу деректеріне өтінім беруші енгізетін өзгерістер;

30) тіркеу деректері - дәрілік затты тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу өтінішімен қоса берілетін мазмұны белгіленген материалдар мен құжаттар жиыны;

31) тіркеуден кейінгі кезеңдегі қауіпсіздікті зерттеу - тіркелген дәрілік препаратты қолдануда бекітілген айғақтар шеңберінде қауіпті сәйкестендіру немесе сандық бағалау мақсатында жүргізілетін фармакоэпидемиологиялық немесе клиникалық сынақ;

32) тіркеу куәлігінің иесі – дәрілік заттың тиімділігіне, сапасына және қауіпсіздігіне жауапты жеке кәсіпкер, заңды тұлға;

33) тіркеу куәлігі - өтініш иесіне тіркелген дәрілік затқа мемлекеттік орган беретін және Қазақстан Республикасында дәрілік затты медициналық қолдану үшін рұқсат ету болып табылатын құжат;

34) тіркеу нөмірі - мемлекеттік тіркеу кезінде дәрілік затқа, тағайындалатын кодтық белгі, сол арқылы ол Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және дәрілік заттың Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында болуының бүкіл кезеңі ішінде өзгеріссіз сақталады;

35) тиісті өндірістік тәжірибе – стандарт бойынша олардың тағайындалуы мен тіркеу деректеріне сәйкес дәрілік заттардың өндірісі мен сапасын бақылауға кепілдік беретін сапаны қамтамасыз ететін жүйенің құрылымдық бөлігі;

36) фармакологиялық зат – клиникалық сынақ объектісі және әлеуетті дәрілік зат болып табылатын фармакологиялық белсенділігі мен уыттылығы белгіленген зат немесе заттардың қоспасы.

5. Мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеуге Қазақстан Республикасында өндірілген, сондай-ақ, мыналарды:

1) саудалық атауына қоса дәрілік нысаны, дозалануы, өлшеп-орауы көрсетілген дәрілік препараттарды;

2) дәрілік заттардың балк-өнімдері;

3) Қазақстан Республикасында бұрын тіркелген дәрілік нысаны, дозасы көрсетілген дәрілік заттардың жаңа комбинацияларын;

4) Қазақстан Республикасында бұрын тіркелген, бірақ басқа өндіруші-ұйыммен, басқа дәрілік түрде жаңа дозасымен, жаңа өлшеп-ораммен, жаңа қаптамамен, қосалқы заттардың басқа құрамымен, басқа атаумен өндірілген дәрілік заттарды;

5) Тиісті өндірістік тәжірибе жағдайында емес өндірілген дәрілік субстанцияларды;

б) әр елде әр өндірістік алаңда өндірілген тіркеу куәлігінің бір ұстаушысының дәрілік заттарын қоса алғанда, осы аумаққа әкелінген дәрілік заттар жатады.

6. Мемлекеттік тіркеуге:

- 1) дәріханаларда дайындалған дәрілік препараттар;
- 2) тиісті өндірістік тәжірибе жағдайларында өндірілген дәрілік субстанциялар жатпайды.

7. Атауы бір, белсенді заттардың әртүрлі құрамы бар дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеуге рұқсат берілмейді.

8. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге өндіруші-елде тіркелген дәрілік заттар жатады.

9. Дәрілік затты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу құжаттарына өзгерістер енгізу және сараптама жүргізу үшін өтініш беруші мыналарды ұсынады:

- 1) осы Ережеге 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілген нысандағы өтініш;
- 2) құрамында осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде ұсынылатын тіркеу деректеріндегі құжаттардың Тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) және осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес Жалпы техникалық құжат форматындағы (тиісті өндірістік практика жағдайында өндірілген дәрілік заттар үшін) Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде ұсынылатын тіркеу деректеріндегі құжаттардың Тізбесінде көрсетілген барабар құжаттар мен материалдардан тұратын екі данадағы тіркеу құжаттарының тіркеу дерегі (тіркеу дерегінің бір данасы толығымен қағаз нұсқада ұсынылады, екінші данада *** белгіленген тармақтары электрондық нұсқада ұсынылады);

3) дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптары бойынша үш реттік талдау жүргізу үшін қажетті санда дәрілік заттардың үлгілері;

4) дәрілік заттарға сынақ жүргізу кезінде қолданылатын дәрілік заттардың және бөтен қоспалардың, арнайы реагенттердің, шығыс материалдардың стандартты үлгілері (ерекше жағдайларда және қайтарып беру жағдайларында).

10. Өтініш беруші дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу үшін алымды төлегенін растайтын құжатты ұсынады.

11. Дәрілік заттарға Тиісті өндірістік тәжірибе жағдайында жасалған тіркеу деректері 5 модульден (бұдан әрі – Модульдер) тұратын Жалпы техникалық құжат (бұдан әрі – ЖТҚ) форматы бойынша осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес Жалпы техникалық құжат форматы бойынша (тиісті өндірістік практика жағдайында өндірілген дәрілік заттар үшін) Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде ұсынылатын тіркеу деректері құжатының Тізбесіне сәйкес жасалады.

Құжаттар модуль бойынша тігіледі және топталады, беттері модуль бойынша нөмірленеді.

12. Тіркеу деректері ЖТҚ форматында төмендегідей құрылады:

1) алыс шет елдердің өндіруші-ұйымдары;

2) Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (бұдан әрі – ТМД) елдерінің өндіруші ұйымдары – Тиісті өндірістік тәжірибе сертификатын алғаннан кейін екі жылдан кейін;

3) Қазақстан Республикасының өндіруші-ұйымдары – Тиісті өндірістік тәжірибе сертификатын алғаннан кейін үш жылдан кейін.

13. Тиісті өндірістік тәжірибе жағдайында өндірілмеген дәрілік заттарға тіркеу деректері Тізбеге сәйкес әзірленеді.

Құжаттар Тізбеде анықталған тәртіппен тігіліп, бөлім бойынша топтастырылады, беттері бөлім бойынша нөмірленеді.

14. ЖТҚ форматы жоқ Тиісті өндірістік тәжірибе жағдайында алыс шет елдердің өндіруші ұйымдарымен өндірілген дәрілік заттарды тіркеу деректері Тізбеге сәйкес әзірленеді.

15. Түпнұсқалық дәрілік затты және оның жаңа дәрілік нысанын мемлекеттік тіркеу үшін, оның ішінде медициналық иммунобиологиялық препаратты, радиофармацевтикалық препаратты, биосимилярдың тіркеу деректері екі толық жиынтықта ұсынылады.

16. Дәрілік субстанцияны, балк-өнімді, фармакопоялық емес дәрілік өсімдік шикізаты, генерик, гомеопатикалық препараттар 1-3 тіркеу деректерінің модульдері немесе толық көлемде Тізбенің 1-2 бөлімдері ұсынылады. 4, 5-модульдері немесе Тізбенің 3, 4-бөлімдері осы Ереженің 19-31 тармақтарында көрсетілген көлемде ұсынылады.

17. Белгілі белсенді заттары бар белгіленген комбинациясымен дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеуге өтініш беру кезінде, олар бұрын терапевтикалық мақсатта осы үйлесімде қолданылмаған, осы Ережеге 3, 4-қосымшаларға сәйкес толық деректер ұсыну қажет. 4, 5-модульдер немесе Тізбенің 3 және 4-бөліктері белсенді заттардың осы сәйкестігіне жататын фармакологиялық, токсикологиялық және клиникалық зерттеу нәтижесінен тұруы тиіс, олар осы белсенді заттардың үйлесіміне жатады.

18. Өсімдік текті дәрілік препараттарды тіркеу жағдайында, соның ішінде дәрілік өсімдік шикізат жинағын, сәйкесінше фармакологиялық, токсикологиялық және клиникалық зерттеу нәтижесі ұсынылады. Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және (немесе) клиникалық зерттеулер бойынша материалдар мен құжаттар мыналарды:

1) ерекше белсенділікті клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеу материалдары;

- 2) жіті және созылмалы улану зерттеулерінің материалдары;
- 3) жергілікті қоздырғыш әрекеттер туралы деректер;
- 4) аллергиялық қасиеттері туралы деректер;
- 5) өндіруші елдегі немесе басқа елдердегі клиникалық қолданудың тәжірибесі болуы тиіс.

Сонымен қатар дәрілік препараттың сапалық аспектілеріне қатысты материалдар толық көлемде ұсынылады.

19. Дәрілік затты мемлекеттік қайта тіркеу үшін 5 модульден 1-3 модульдері ұсынылады: тіркеуден кейінгі тәжірибиеде қолданылуы туралы есеп; қауіпсіздігі бойынша жүйелі түрде жаңартылатын есеп негізгі бөлімдердің орыс тіліне қысқа түпнұсқалық аудармасымен, немесе Тізбенің 1-2 бөліктері.

20. 1-модульдің, 3-модульдің құжаттары: (3.2.P.5.1.) ерекшелігі (тері), (3.2.P.5.2.) талдау әдістері, (3.2.P.5.6.) ерекшелігіне (теріне) негіздеме, сондай-ақ Тізбенің 1-2 бөліктері орыс тіліне түпнұсқа аудармасымен ұсынылады.

21. Әртүрлі дәрілік формадағы бір дәрілік затты тіркеу, қайта тіркеу кезінде өтініш беруші әрбір дәрілік нысанға бөлек-бөлек өтініш және тіркеу деректерін ұсынады. Мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге бір дәрілік нысандағы әртүрлі мөлшердегі, концентрациядағы, толтыру көлемі бір уақытта ұсынылған жағдайда өтініш беруші әрбір дозаға, қаптама макеттері мен жапсырмаларын, концентрацияға толтыру көлеміне және қаптамадағы дозасына қосымшасымен бір өтініш және тіркеу деректерін ұсынады.

22. Орфандық дәрілік препараттар клиникаға дейінгі (клиникаға дейін) клиникалық зерттеулердің аталған нәтижелері жетіспеген кезде, егер мемлекеттік тіркеуге өтініш беру кезінде ғылыми мағлұмат көлемі толық ақпаратты жинауға мүмкіндік бермесе өтініш берушінің кепілдік берген міндеті бойынша тіркеледі:

1) белгілі бір мерзімде белгіленген зерттеу бағдарламасының орындау, оның нәтижесі "пайда/қауіп" арақатынасын қайта бағалау үшін негіздеме болып табылады;

2) Дәрілік препаратты дәрігердің қатаң қадағалауымен қолдану;

Қойылған талаптарды орындау кезеңінде клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер нәтижесінің мәліметтері жетіспеген кезде мемлекеттік орган тіркелген орфандық препарат үшін "пайда/қауіп" арақатынасын қайта бағалайды.

23. Биосимилярларға жататын дәрілік заттар егер:

1) белсенді заттарды және дәрілік препараттарды (биосимиляр) өндіру үрдісімен белсенді заттарды және эталонды биологиялық дәрілік зат (биосимиляр) дайындау процесінің салыстыру туралы толық ақпарат;

2) тиісті өндіріс тәжірибесінде белсенді субстанция және дайын өнімді өндіру , оның валидациясын растайтын және эталонды биологиялық дәрілік зат өндіру процесімен салыстырып ұсынылған ақпарат;

3) эталонды биологиялық дәрілік заттың құрылымдық ұқсастығы мен құрамының ұқсастығы дәлелденсе;

4) биосимилярдың және эталонды биологиялық дәрілік зат фармакотоксикологиялық түріндегі өзгешеліктерді анықтауға бағытталған клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеудің салыстырмалы түрі туралы есеп;

5) эталонды инновациялық биологиялық дәрілік затпен салыстырылған биосимилярдың қауіпсіздігін, тиімділігін және иммуногендігін клиникалық зерттеу есептері және жағымсыз әсерлерінің тиісті мониторингін қамтамасыз ету және маркетингтен кейінгі кезеңде "пайда/қауіп" арақатынасын бағалау үшін ұсынылған дәрілік заттың фармакологиялық қадағалануын және қауіптерін басқару бойынша ақпарат;

б) дәрілік заттар биосимиляр болып табылады деп көрсетілген медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық ұсынылған жағдайда тіркеледі.

24. Өтініш беруші генериктерді мемлекеттік тіркеу кезінде 4 және 5 Модульдер немесе Тізбесінің 3 және 4 бөліктері бойынша құжаттар мен материалдар және мынадай зерттеулердің бірін ұсынады:

1) дәрілік заттарды генериктерге жатқызудың негіздемесі (белсенді заттардың , белсенді заттардағы қоспа бейінінің және түпнұсқалық дәрілік заттармен дайын өнімнің барабарлығын растау, генерикалық және түпнұсқалық дәрілік заттарда қосалқы заттар құрамын салыстыру);

2) биоэквиваленттік зерттеудің деректері немесе олардың болмау негіздемесі;

3) тіркелген препараттың фармакокинетикада, фармакодинамикада және (немесе) әртүрлі тұздардың, эфирлердің белсенді заттар туындыларының уыттылығының болмауын дәлелдейтін деректер (мұндай дәлелдеулер ұсынылмаған жағдайда, осы зат жаңа белсенді зат ретінде қаралады);

4) өтініш берілген препаратқа ғылыми жариялымдар;

5) салыстырмалы клиника алды зерттеулердің, терапиялық эквиваленттіктің салыстырмалы клиникалық зерттеулердің деректері және (немесе) биоэквиваленттік жүргізуге мүмкіндік бермейтін дәрілік нысандар үшін қолданудың клиникалық тәжірибесі;

б) түпнұсқалық препаратпен референтті препараттың биоэквиваленттігін дәлелдейтін немесе өндіруші елде оны клиникалық тәжірибе ретінде қолдану туралы ақпарат егер Қазақстан Республикасында тіркелмеген немесе түпнұсқа болып табылмайтын референтті препаратты таңдау жағдайында;

7) факторларды өзгерткен жағдайда бұрын тіркелген қатты мөлшерленген дәрілік форманың фармако-технологиялық көрсеткіштеріне әсер ететін препараттың эквиваленттігін негіздемесі.

25. Генериктің референс-препаратпен эквиваленттігін дәлелдеу үшін мынадай зерттеулердің бірінің деректері ұсынылады:

- биоэквиваленттік зерттеулер;
- терапиялық эквиваленттіктің салыстырмалы зерттеулер;
- салыстырмалы клиника алды (клиникалық емес) зерттеулер.

26. Биоэквивалентті зерттеулер деректері әсер ететін заттардың концентрациясы ағзаның биологиялық сұйықтықтарымен (қан плазмасы, несеп) өлшенетін дәрілік заттар үшін ұсынылады. Әсер ететін заттардың концентрациясы ағзаның биологиялық сұйықтықтарымен өлшенуі мүмкін емес дәрілік заттар үшін терапиялық эквиваленттілігін немесе клиникалық зерттеулердің салыстырмалы зерттеулері ұсынылады.

27. Терапиялық эквиваленттіліктің және (немесе) клиникалық зерттеулердің салыстырмалы зерттеулерің деректері биоқолжетімділіктің айырмашылығы терапиялық эквиваленттіліктің қаупін тудыруы мүмкін генериялық дәрілік заттар үшін ұсынылады:

1) пероралды дәрілік нысандағы дәрілік заттар, олар:

әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеуге арналған;

арнаулы терапиялық индексі бар;

әсер етуші заттың, қосалқы заттардың және (немесе) өндірістік процестердің полиморфизмінің биоэквиваленттілікке ықпалы туралы ғылыми дәлелдемелері бар;

түрлендірілген босап шығуымен дәрілік нысанда шығарылады;

әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеуге арналған;

жүйелі іс-қимылмен әсер ететін заттардың белгілеген комбинациясы бар.

2) пероралды және парентералды қолдануға арналмаған дәрілік нысандағы, бірақ жүйелі әсер беретін (тері асты имплантациясына арналған трандермалды пластырь, ректальді суппозиторийлер, шайнайтын таблеткалар, д.з.) дәрілік заттар.

28. Жергілікті және сыртқа қолдануға арналған дәрілік түрдегі және жүйелі әсер бермейтін генериялық дәрілік заттар үшін салыстырмалы клиника алды зерттеулерінің мәліметтері ұсынылады.

29. Құрамында витаминдері бар және (немесе) витаминдер және витаминдер мен минералдар болып табылатын дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу кезінде өтініш беруші мынадай құжаттар мен материалдардың бірін ұсынады:

1) сарапшы туралы түйіндемені қоса алғанда сарапшының есебімен бірге қауіпсіздік жөніндегі деректердің библиографиялық шолуы;

2) өтінімі берілген препаратқа ғылыми мақала;

3) жедел және (немесе) созылмалы уыттылық зерттеулерінің мәліметтері.

30. Өтініш беруші гомеопатиялық препараттарды мемлекеттік тіркеу кезінде мынадай ақпараттар енетін құжаттар мен материалдарды ұсынады:

4 және 5 модульдер немесе Тізбенің 3 және 4 бөліктері бойынша:

1) көпжылғы тәжірибеде қолданылып жүрген препараттар үшін: қолдану саласында көрсетілген гомеопатикалық препараттың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы ғылыми әдебиеттер деректеріне шолу;

2) фармакопея мен монографияда бұрын ескерілмеген жаңа гомеопатикалық препараттар үшін: токсикологиялық зерттеу деректері, әртүрлі потенцияны таңдау негіздемесі, қолдану тәжірибесінің клиникалық деректері;

3) дәрілік заттың гомеопатикалық препарат болып табылатынын көрсетумен медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық.

31. Дәрілік заттардың тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу туралы өтінішке осы Ережеге 5-қосымшада көрсетілген өзгерістер енгізу үшін қажетті құжаттар мен материалдардың Тізбесіне сәйкес өзгерістер енгізу үшін қажетті құжаттар мен материалдар ұсынылады.

2. Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу тәртібі

32. Мемлекеттік орган мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуге өтінішті, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес тіркеу деректері алымы төлегені туралы құжатты қабылдап және тіркегеннен кейін, осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және дәрілік заттың тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуге мәлімделген дәрілік затқа сараптама жүргізу дұрыстығы туралы қорытынды түрінде ресімделген дәрілік затқа сараптама жүргізу туралы шешім шығарады.

Мемлекеттік орган өтініш қабылданғаннан бастап күнтізбелік жеті күн ішінде өтініш пен дәрілік затты сараптаудың орындылығына сәйкестігі туралы қорытындыны сарапшылық ұйымға жібереді. Сарапшылық ұйым бір жұмыс күні ішінде өтініш түскендігі туралы ақпаратты интернет-ресурсына www.dari.kz ("Сарапшылық жұмыстар туралы мәліметтер" бөлімде) шығарады.

33. Өтініш беруші өтініш түскеннен кейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей сарапшылық ұйымға екі барабар дана тіркеу дерегін, үш реттік талдауға жеткілікті мөлшерде дәрілік заттардың үлгілерін, дәрілік заттардың

және бөтен қоспалардың стандартты үлгілері, арнайы реагенттерді, шығыс материалдарын (ерекше жағдайларда және қайтарып беру шарттарымен) ұсынады.

34. Кіріс құжаттары мен материалдарды мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және оларды тіркеу деректеріне қабылдауды және қорытынды құжаттарды беруді "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік және сараптау органы жүзеге асырады.

35. Өтініш беруші сарапшылық ұйымға 36-тармақта санамалған құжаттар мен материалдарды ұсынбаған жағдайда өтініш уәкілетті мемлекеттік органға дәрілік затқа тіркеуден бас тартылғандығы туралы шешім қабылдау үшін жіберіледі.

36. Сарапшылық ұйымының ұсынымы негізінде мемлекеттік органның шешімімен мемлекеттік орган және сарапшылық ұйымының мамандары өндіруші-ұйымға және клиника алды және (немесе) клиникалық орталықтарына бару жолымен өндіріс жағдайын және сапасын қамтамасыз ету жүйесін, клиника алды және (немесе) клиникалық зерттеулер, фармакологиялық қадағалау жүйесін жүргізуді бағалау жүзеге асырылады.

37. Тіркеу деректеріндегі ақпарат (материалдар мен құжаттар), дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезіндегі сараптаудың барлық кезеңдеріндегі құпия ақпаратқа жатады.

Құпия ақпаратқа қатысы бар, дәрілік затты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу шараларына қатысты мемлекеттік орган тұлғалары, атқаратын қызметі, орны немесе міндетін атқарушы, оның қорғау шараларын сақтауға және қабылдауға міндетті.

38. Фармакологиялық және дәрілік заттардың талдау және (немесе) клиникалық зерттеулері мен сынақтары белгіленген тәртіппен аккредиттелген сынақ зертханаларында және клиникалық базаларда жүргізіледі.

39. Фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеу және (немесе) сынау, сонымен қатар генериктерді биоэквиваленттікке сынау, қауіпсіздігі мен тиімділігі жөнінде қосымша мәлімет алу қажеттігі жағдайында сарапшылық ұйымының ұсынымы негізінде мемлекеттік органның шешімімен жүргізіледі.

Клиникалық зерттеу және (немесе) дәрілік заттарды сынақтау, сонымен қатар генериктерді биоэквиваленттікке сынақтау өтініш берушінің келісімі негізінде клиникалық базаларда жүргізіледі.

40. Клиника алды (клиникалық емес) зерттеу деректердің болмауы немесе жеткіліксіздігі жағдайында сарапшылық ұйымының ұсынымымен өтініш берушінің келісімі негізінде қосымша зерттеу жүргізіледі.

41. Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында тиісті өндірістік тәжірибе жағдайында өндірілген, қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына он бес жылдан астам рекламациясыз дәрілік зат болған жағдайда кейіннен қайта тіркеу талдау сараптамасыз жүргізіледі.

42. Мемлекеттік орган дәрілік заттарға сараптама жүргізуді сот шешімі шыққанша мынадай құжаттар негізінде тоқтата тұрады:

1) сауда белгісі иесінің өтініші немесе оның зияткерлік меншігі құқығы басқа өтініш берушімен бұзылу фактісі туралы патент;

2) өндірістік меншік объектісіне, сондай-ақ өнімнің сақталу тәсілін қолдануға патенттің нотариалды расталған көшірмелері;

3) зияткерлік меншік құқығының бұзылу фактісі туралы сот кеңсесінің қабылдауы туралы белгісі бар талап арыздың көшірмесі.

Өнеркәсіптік меншік нысандары мен Қазақстан Республикасының нарығында тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің азаматтық айналымына қатысушыларды жекешелендіру құралдарын, Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік заттардың зияткерлік меншік құқықтарының бұзылғаны туралы осы тармақтың 1, 2 және 3) тармақшаларында көрсетілген ақпараттар мемлекеттік органға келіп түскен жағдайда - мемлекеттік орган соттың істі қарау нәтижелерін алғанға дейін тіркеу куәлігінің әрекетін тоқтады.

Бұл ретте, өтініш беруші Қазақстан Республикасының аумағында медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың бұдан әрігі тіркеуіне салыстырылмалы сақтау құжаттарына кедергі келтірмейтіндігі (немесе кедергі келтіретін) туралы қорытындыға сәйкес осы құзырлы органның ведомствосындағы сарапшылық ұйымның салыстырмалы талдауын алу үшін суреттеуді, пайдалы үлгілерді және өндірістік үлгілерді сақтау саласындағы мемлекеттік органға жүгінеді.

Көрсетілген мерзімде сот шешімін және (немесе) үшінші тұлғаның зияткерлік меншік құқығының бұзуы немесе не бұзбауы туралы зияткерлік меншікті қорғау саласында қорытынды алған жағдайда мемлекеттік орган дәрілік заттарға сараптама жүргізу кезеңінде мемлекеттік тіркеуден бас тартады немесе сараптама рәсімін жаңартады, немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника тіркелген жағдайда, онда тіркеу куәлігі қайта шақыртылады немесе тіркеу куәлігінің әрекеті жаңартылады.

43. Енгізілетін өзгерістер дәрілік заттың қауіпсіздігі мен сапасын төмендетпеуі тиіс.

44. Өзгерістер былайша жіктеледі:

